

«Амина» бобекжайы

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Күні: 2026 жылғы 28 тамыз

Кеңес тақырыбы: «Педагогикалық старт: МДҰ-ның 2026–2027 оқу жылындағы даму перспективалары».

Мақсаты: педагогтерді МДҰ қызметінің жазғы кезеңдегі қорытындыларымен таныстыру, МДҰ-ның жаңа оқу жылына арналған қызметінің жоспарын қабылдау және бекіту, МДҰ ұжымының тәрбиелеу-білім беру процесінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үшін күш-жігерін біріктіру.

Қатысқандар: 8

Кеңес төрағасы: Мельченко В.А

Хатшы: Мейремхан М

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМ КҮН ТӘРТІБІ

1. МДҰ-ның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысын талдау.
2. Тексеру қорытындысы бойынша МДҰ-ның жаңа оқу жылына дайындығын талдау.
3. 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту:
 - МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау;
 - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру;
 - пилоттық жоба шеңберінде педагог қызметкерлерді аттестаттау;
 - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарау және қабылдау;
 - 2026–2027 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарларын қарау;
 - жұмыс циклограммаларын қарау;
 - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау;
 - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау;
 - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту.
4. МДҰ-ны лицензиялауға дайындық.
5. Педагогтерді жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша жұмыс жоспарымен таныстыру.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасын қарау.

КЕҢЕСТІҢ БАРЫСЫ

1. МДҰ-ның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысын талдау.

ТЫНДАЛДЫ: МДҰ меңгерушісі Мельченко В.А жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күн тәртібін сақтау, сауықтыру және шынықтыру шараларын ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасады. Жазғы кезеңде балалардың таза ауада серуендеуіне, қимыл-қозғалыс белсенділігіне, дұрыс тамақтануына және жағымды психологиялық орта қалыптастыруға басымдық берілгені атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Өмірбекқызы А және тәрбиеші Какейнова М. С жазғы кезеңдегі жұмыстардың нәтижелерімен бөлісіп, алдағы оқу жылында тиімді әдіс-тәсілдерді жалғастыру және жетілдіру жөнінде ұсыныстар айтты.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Жазғы сауықтыру кезеңіндегі тиімді жұмыстарды жаңа оқу жылында жалғастыру және тәжірибеде қолдану.

2. МДҰ-ның жаңа оқу жылына дайындығын талдау.

ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер Мейремхан М МДҰ-ның жаңа 2026–2027 оқу жылына дайындығы қаралды. Топ бөлмелерінің, ойын және оқу ортасының, құжаттаманың, көрнекіліктердің, оқу-әдістемелік материалдардың дайындығы талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жою, топтарды тәрбиелеу-білім беру процесіне қажетті материалдармен толықтыру және қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

3. 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту. \

ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер Мейремхан М 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының жобасын таныстырды. МДҰ дамуының негізгі басымдықтары, тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру бағыттары талқыланды. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру мәселесі қаралды. Бағдарлама аясында балалардың адамгершілік, отансүйгіштік, жауапкершілік және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиесін күшейту қажеттігі айтылды. Пилоттық жоба шеңберінде педагог қызметкерлерді аттестаттау мәселесі қаралды. Педагогтердің перспективалық жоспарлары, өз білімін жетілдіру жоспарлары және жұмыс циклограммалары қаралып, оқу жылының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі талқыланды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысын, аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау және инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін. Педагогтердің перспективалық жоспарлары, өз білімін жетілдіру жоспарлары және жұмыс циклограммалары қабылданып, бекітілсін. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылсын. Педагогикалық кеңестің төрағасы, хатшысы, аттестаттау комиссиясының мүшелері және шығармашылық топтардың құрамы бекітілсін.

4. МДҰ-ны лицензиялауға дайындық.

ТЫҢДАЛДЫ: Меңгеруші Мельченко В.А МДҰ қызметін лицензиялау талаптарына сәйкес құжаттарды ретке келтіру, материалдық-техникалық база мен қажетті құжаттаманың дайындығын қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Лицензиялауға қажетті құжаттарды жинақтау, тексеру және белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілсін.

5. Педагогтерді жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша жұмыс жоспарымен таныстыру.

ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер Мейремхан М Педагогтерге балалардың жолдағы қауіпсіздік ережелерін сақтауын қалыптастыру, жол-көлік жарақаттануының алдын алу және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыс жоспары таныстырылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Жол қауіпсіздігі бойынша профилактикалық іс-шаралар жылдық жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілсін. Балалармен және ата-аналармен түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын.

6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

ТЫҢДАЛДЫ: Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы оқылып, талқыланды. Педагогтер тарапынан ұсыныстар қаралды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Меңгеруші Мельченко В.А Педагогикалық кеңестің шешімі бекітілсін. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау МДҰ меңгерушісіне және әдіскерге жүктелсін.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІ

1. 2026–2027 оқу жылына арналған МДҰ-ның жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтердің перспективалық жоспарлары, өз білімін жетілдіру жоспарлары және жұмыс циклограммалары бекітілсін.
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және пилоттық жоба шеңберіндегі аттестаттауға дайындығы қамтамасыз етілсін.
5. МДҰ-ны лицензиялауға қажетті құжаттарды ретке келтіру және дайындау жұмыстары жүргізілсін.
6. Балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілсін.
7. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау МДҰ меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:  Мельченко В.А

Хатшы:  Мейремхан М